

1. Жүйеде жұмыс істеу үшін Сізге электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) қажет.

ЭЦҚ-ны «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» КЕАҚ-да алуға болады.




**Назар аударуды сұраймыз! ЭЦҚ кілтін алған кезде екі файлдың (AUTH\_RSA, RSA) болуын міндетті түрде тексеріңіз.**

2. Жүйеде дұрыс жұмыс істеу үшін «Google Chrome» браузерін пайдалану қажет.

3. Сонымен бірге соңғы нұсқадағы NCA Layer бағдарламалық жасақтамасының болуы қажет.

3.1. NCA Layer бағдарламалық жасақтамасын жүктеу үшін [rki.gov.kz](http://rki.gov.kz) сайтына өтіп, «ЭЦҚ кілттерін алу» -> «Жеке тұлғаларға арналған ЭЦҚ кілттері» пәрменін басыңыз (1-сурет).



1-сурет. NCA Layer бағдарламалық жасақтамасын жүктеу

3.2. Ары қарай Сіздің операциялық жүйеңізге байланысты NCA Layer бағдарламалық жасақтамасын «Жүктеу» батырмасын басу арқылы жүктеп, компьютеріңізде орнатыңыз.



2-сурет. NCALayer бағдарламалық жасақтамасын жүктеу

3.3. NCALayer бағдарламалық жасақтамасын орнатуға қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, 1414 нөмірі бойынша ҚР ҰКО Қолдау қызметіне қоңырау шалуды немесе support@pki.gov.kz электрондық поштасына хат жолдауды өтінеміз.